

Алматы облысында Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғат паркін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 22 ақпан N 228

Ерекше экологиялық, тарихи, ғылыми, эстетикалық және рекреациялық қазыналары бар Іле Алатауының бірегей табиғи кешендерін сақтау мен қалпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Орман шаруашылығы комитетінің, Ұлттық ғылым академиясының аталған Комитеттің Іле орман шаруашылығы бірлестігі және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Түрген механикаландырылған жеміс орман шаруашылығы негізінде, Қазақстан Республикасы Орман шаруашылығы комитеті қарамағында Іле-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғат паркін құру жөнінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Экология және биоресурстар министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Әділет министрлігімен, Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Алматы облысының әкімімен келісілген ұсынысы қабылдансын.

2. Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғат паркіне Қаскелең, Талғар және Еңбекшіқазақ аудандары жер пайдаланушыларының жерлерінен, 1-қосымшаға сәйкес, жалпы көлемі 164450 гектар жер учаскелері тұрақты жер пайдалануға берілсін және олар "ұлттық табиғат парктерінің ормандары" қорғаныштық категорияларына жатқызылсын.

3. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғат паркіне белгіленген тәртіппен жерді бөліп беруді қамтамасыз етсін.

4. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына N 2 қосымшаға сәйкес белгіленген режимді сақтай отырып, Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің жерлерін уақытша пайдалануға рұқсат етілсін.

5. Орман қорын ұтымды пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды одан әрі кеңейту мақсатында Алматы облысының әкімі Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитетімен, ғылыми ұйымдармен бірлесе отырып, Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің құрамына Түрген жеміс-механикаландырылған орман шаруашылығының "Маловодный" орманшылығынан көлемі 16,2 мың гектар, сондай-ақ ұйымдастырылатын парктің солтүстік шекарасы бойына орналасқан генетикалық зор маңызы бар құнды жабайы жемістер мен басқа да ормандарды беру жөніндегі мәселені қарайтын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті ғылыми

ұйымдармен бірлесе отырып, аталған парктің алдында тұрған міндеттерді ескеріп, оның аумағын функционалдық тұрғыдан аймаққа бөлуді анықтасын.

7. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті екі ай мерзім ішінде табиғат қорғау, ғылыми және мәдениет-ағартушылық қызметті жүзеге асыратын республикалық бағыныстағы мемлекеттік мекеме түрінде жедел басқару құқы негізінде әрекет ететін заңды тұлға ретінде Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің жарғысын бекітетін болсын.

8. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті белгіленген тәртіпте, Іле Алатауы республикалық мемлекеттік ұлттық табиғат паркі балансына оған берілетін орман шаруашылығы кәсіпорындарының негізгі және айналым қаражатын берсін.

9. Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің негізгі

қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті операциялық шығындарының құрамында, 1996 жылға арналған бюджетте көзделген қаржы есебінен және соның шегінде жүзеге асырылсын. Одан кейінгі жылдары қаржыландыру республикалық бюджеттен белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

10. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің құрылымы мен штатын белгілесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 22 ақпандағы
N 228 қаулысына
1-қосымша

Жер учаскелері алынатын және оларды пайдалану құқы,
құрылатын Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғат
паркіне берілетін Алматы облысы жер пайдаланушыларының
Тізбесі

Жер учаскелері алынатын оның ішінде жер пайдаланушылар барлығы атауы ауыл одан шаруашы. лығы егістік көпжылдық алаптары және екпелер тыңайған жерлер				
1	2	3	4	5
Қаскелең ауданы				
Іле орман шаруашылығы өндірістік бірлестігі	27212	3324	32	186
Іле орман шаруашылығы өндірістік бірлестігіндегі ұзақ мерзімде пайдаланылатын жерлер - барлығы	4009	2806		
Оның ішінде:				
Іле ауданындағы "Іле" акционерлік қоғамы	444	302		
Іле ауданындағы Түймебаев атын. дағы шаруа қожалығының ассоциациясы	404	250		
Жамбыл ауданындағы Амангелді атындағы кеңшары	1374	1013		
Күрті ауданындағы Т.Бокин атындағы кеңшары	1290	1049		
Қаскелең ауданындағы Чапаев атындағы кеңшары	497	192		
запастағы жерлер	10968	6679		
Қордағы ұзақ мерзімді пайдалануға арналған жерлер - барлығы	38355	14471		
Оның ішінде:				
Іле ауданындағы "Іле" акционерлік қоғамы	11016	3968		
Күрті ауданындағы "Бозой" шаруа қожалықтарының ассоциациясы	7110	1420		
Іле ауданындағы Түймебаев атындағы шаруа қожалықтарының ассоциациясы	6270	2780		

Күрті ауданындағы "Сарытаукұм" ұжымдық кәсіпорны	7370	2600		
Күрті ауданындағы Т.Бокин атындағы кеңшары	6589	3703		
Аудан бойынша қорытындысы	80544	27280	32	186

Талғар ауданы

Іле орман шаруашылығы өндірістік бірлестігі	20481	2798	702	
Іле орман шаруашылығы өндірістік бірлестігі жерлеріндегі ұзақ мерзімге пайдалануға арналған барлығы	4994	2396		
Оның ішінде:				
Талғар ауданындағы "Алматы" ұжымдық шаруашылығы	3558	1795		
Талғар ауданындағы Мичурин атындағы ұжымдық шаруашылығы	1022	393		
Талғар ауданындағы "Қызыл-Ғайрат" ұжымдық шаруашылығы	414	208		
запастағы жерлер	11240	1178		
Аудан бойынша қорытындысы	36715	6372	702	

Еңбекшіқазақ ауданы

Түрген механикаландырылған-жеміс орман шаруашылығы	20699	1240		
Түрген механикаландырылған-жеміс орман шаруашылығының ұзақ мерзімді пайдалануға арналған жерлері - барлығы	10813	9106		
Оның ішінде:				
Талғар ауданындағы "Алтын диірмен" акционерлік қоғамы	792	672		
Еңбекшіқазақ ауданындағы "Есік" акционерлік қоғамы	1287	1124		
Еңбекшіқазақ ауданындағы "Түрген" акционерлік қоғамы	1191	1118		

Еңбекшіқазақ ауданындағы "Ташкенсаз"			
шаруа қожалықтарының ассоциациясы	30	30	
Еңбекшіқазақ ауданындағы "Көктөбе"			
ұжымдық кәсіпорны	961	863	
Еңбекшіқазақ ауданындағы			
"Октябрь" ұжымдық кәсіпорындар	586	368	
Талғар ауданындағы Алматы ұжымдық шаруашылығы	1157	774	
Еңбекшіқазақ ауданындағы Ильич атындағы ұжымдық шаруашылығы	912	860	
Еңбекшіқазақ ауданындағы "Жаңашар" тәжірибе шаруашылығы	296	278	
Талғар ауданындағы Фрунзе атындағы кеңшары	2441	1976	
Еңбекшіқазақ ауданындағы "Түрген" кеңшары	1160	1043	
запастағы жерлер	536	441	
Запастағы жерлердегі ұзақ мерзімді пайдалануға арналғаны - барлығы	15143	8717	
Оның ішінде:			
Еңбекшіқазақ ауданындағы "Түрген" акционерлік қоғамы	1939	1704	
Еңбекшіқазақ ауданындағы "Ташкенсаз" шаруа қожалықтарының ассоциациясы	947	840	
Талғар ауданындағы "Алматы" ұжымдық шаруашылығы	4332	1484	
Еңбекшіқазақ ауданындағы Ильич атындағы ұжымдық шаруашылығы	2751	1668	
Еңбекшіқазақ ауданындағы "Жаңашар" тәжірибе шаруашылығы	256	200	
Талғар ауданындағы Фрунзе атындағы кеңшары	4800	2773	
Талғар ауданындағы "Түрген" кеңшары	118	48	
Аудан бойынша қорытындысы	47191	19504	200

Барлығы	164450	53156	32	288
---------	--------	-------	----	-----

6	7	8	9
157	2949	16436	7452
	2806	1203	
	302	142	
	250	154	
	1013	361	
	1049	241	
	192	305	
	6679	4289	
	14471	23884	
	3968	7048	
	1420	5690	
	2780	3490	
	2600	4770	
	3703	2886	
157	26905	16436	36828
12	2084	15181	2502
	2396	2598	
	1795	1763	
	393	629	
	208	206	
	1178	10062	
12	5658	15181	15162
40	1000	16910	2549
	9106	1707	
	672	120	
	1124	163	
	1118	73	
	30		
	863	98	
	368	218	
	774	383	
	860	52	
	278	18	
	1976	465	
	1043	117	

441	95
8717	6426
1704	235
840	107
1484	2948
1668	1083
200	56
2773	2027
48	70
40	19264
16910	10777

209	51827	48527	62767
-----	-------	-------	-------

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 22 ақпандағы
N 228 қаулысына
2-қосымша

Іле-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің жерлерін
уақытша пайдалануға рұқсат берілген Алматы облысы ауыл
шаруашылығы кәсіпорындарының
Тізбесі

Ауыл шаруашылығы кәсіпорын.	Кәсіпорын.	Учаске.	Пайдалануға рұқсат
дарының атауы	дар орна.	лердің	етілген алаң,гектар
ласқан	атауы	_____	
аудан атауы	барлығы	соның ішінде	
		жайылым	

1		2		3		4		5
---	--	---	--	---	--	---	--	---

Қаскелең ауданы

Амангелді атындағы кеңшар	Жамбыл	Қасымбек	1374	1013
"Іле" акционерлік қоғамы	Іле	Мыңжылқы	8021	4183
Түймебаев атындағы шаруа				
кожалықтарының ассоциациясы	Іле	Қырғауылды	404	250
	Аршалы,			
	Құмбел	6270	2780	

Қорытындысы	6674	3030		
Чапаев атындағы кеңшар	Қаскелең	497	192	
Т.Бокин атындағы кеңшар	Күрті	Қызыл		
	күнгеі	1290	1049	
	Нары	6589	3703	
Қорытындысы	7879	4752		
"Базой" шаруа қожалықтарының				
ассоциациясы	Күрті	Қарабие	3853	1342
"Сарытауқұм" ұжымдық				
кәсіпорны	Күрті	Мыңжылқы	7370	2600
Аудан бойынша қорытындысы			35668	17112

Талғар ауданы

Мичурин атындағы ұжымдық				
шаруашылығы	Талғар	Талғар	-	-
"Қызыл-Ғайрат" ұжымдық				
шаруашылығы	Талғар	Талғар	-	-
"Алматы" ұжымшары	Талғар	Талғар	1464	765
	Талғар	Түрген	436	326
Аудан бойынша қорытындысы			1900	1091

Еңбекшіқазақ ауданы

"Алматы" ұжымшары	Талғар	Тескенсу	2721	1596
"Алтын диірмен" акционерлік				
қоғамы	Талғар	Ши-Түрген	792	672
Фрунзе атындағы кеңшар	Талғар	Ожар	4072	3010
	Назар	1751	1355	
Қорытындысы			5823	4365
Ильич атындағы ұжымдық	Еңбекші.			
шаруашылығы	қазақ	Қараш	195	171
	Ойқарағай	3468	2357	
Қорытындысы			3663	2528
"Түрген" акционерлік қоғамы	Еңбекші.	Дөң-жайлау	3130	2822
	қазақ			
"Жаңашар" тәжірибе	Еңбекші.	Үш бұлақ	552	478
шаруашылығы	қазақ			
"Октябрь" ұжымдық кәсіпорны	Еңбекші.	Ой жайлау	586	368

қазақ
"Есік" акционерлік қоғамы Еңбекші. Микушино 1287 1124
қазақ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК